ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 ақпан №2301-24-00-2/3976 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Гулбахира» Гулбахира Тузелбай кизи Норкулова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.15 400 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.А.Мақсотова
Прокурор К.Таргинова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 7 қарашада мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-603 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 қосымшада көрсетілген «20 дана құдыққа арналған тақта темір бетонды, типі 2ПП15» тауарларды жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 700 000 теңге, тауарды жеткізу мерзімі Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 11 қарашаға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауарларды жеткізу бойынша әрекеттер жасалмаған, ол туралы жауапкерден ешқандай туындаған қиыншылықтар туралы дәлелді хат келіп түспеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 15 400 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор К.Таргинова талап толық қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытындысын берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) (2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыста болған) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 7 қарашада мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-603 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 қосымшада көрсетілген «20 дана құдыққа арналған тақта темір бетонды, типі 2ПП15»» тауарларды жеткізуді міндеттенген. Орындау мерзімі – 2024 жылы 11 қарашаға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап

Құжатқа қол қойылған: Дәуірешова О. Ш., 26.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2025, судья Дәуірешова О. Ш., 01.04.2025
2301-24-3-1/4342

қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, мекеме үшін қажетті тауарлар жеткізілмегендігін көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 15 400 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден жиырма екі кешіктірілген күн үшін (2024 жылғы 26 қарашадан 17 желтоқсанға дейін) 15 400 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 462 теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Гулбахира» Гулбахира Тузелбай кизи Норкулованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 15 400 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Гулбахира» Гулбахира Тузелбай кизи мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Гулбахира» Гулбахира Тузелбай кизинан «Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің пайдасына 15 400 (он бес мың төрт жүз) теңге тұрақсыздық айыбы, 462 (төрт жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 26.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2025, судья Дәурешова О. Ш., 01.04.2025
2301-24-3-1/4342

Жеке кәсіпкер «Гулбахира» Гулбахира Тузелбай кизинан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 26.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2025, судья Даурешова О. Ш., 01.04.2025

2301-24-3-1/4342